



18.11.2019 № N423

Қазақстан Республикасы
Елім және ғылым министрі
А.Қ.Аймағамбетовке

Күрметті Асхат Қанатұлы!

Қазақтың біртуар азаматы Ахмет Байтұрсынов: «Ұлттың сакталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» -деп атап кеткен. Осы ғұламаларымыздың тіл жөнінде айтып кеткен өситеттерін екі етпей орындал, ғасырдан ғасырга жалғастырып отыру баршамыздың міндетіміз болып табылады.

Осы міндетті орындауда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тікелей қолдауымен, «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» Халықаралық қоғамдық қоры 2008 жылдан бастап, «Жарқын болашақ» респубикалық қазақ тілі олимпиадасын жыл сайын жоғары деңгейде өткізу келеді.


Бұл олимпиаданы өткізудегі басты мақсат - мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту және оны дамыту, әрі қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша ерекше дарынды оқушыларды анықтай отырып, Қазақстанның «жарқын болашағы» үшін аянбай қызмет ететін жастарға ерекше қолдау көрсету болып табылады.

Айта кету керек, «Жарқын болашақ» олимпиадасына оқыту тіліне қарамастан, мемлекеттік және мемлекеттік емес жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың арасында қазақ тілі мен әдебиеті бойынша 7–11-сынып оқушыларының 5 бағыт бойынша («Бейнелеушілер», «Білгірлер бәйгесі», «Жас қаламгер», «Сөз шеберлері», «Әнші-бұлбұлдар») білімін сарапқа салады.

Жыл сайын «Жарқын болашақ» респубикалық қазақ тілі олимпиадасының аудандық, қалалық және облыстық жарыстарына 5000-нан астам оқушы қатысып, актық мәре Нұр-Сұлтан қаласында өткізіледі.


Осы орайда, Сізді 2020 жылғы 15-17 сәуір күндері аралығында өтетін олимпиаданың актық мәресінде күрметті қонақ ретінде қатысуға арнайы шақырамыз. Сонымен қатар, осы олимпиаданың жоғары деңгейде өтуіне қолдау көрсетуінізді сұраймыз.

Күрметпен,
«БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» ХҚҚ
президент кеңесшісі



Орындаушы: Ф.Кадирова

Н.Н.Тулебаев

БЕКІТІЛДІ
«БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» ХҚҚ

Н.Н.Тулебаев
«18» қалаша 2019 ж.

«Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасының

ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ереже

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасында жыл сайын өткізіліп отыратын «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасының (бұдан әрі – «Жарқын болашақ» олимпиадасы) мақсаттары мен міндеттерін, үйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейді.

2. «Жарқын болашақ» олимпиадасы «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» халықаралық қоғамдық қоры (бұдан әрі – қор) тарапынан жыл сайын өткізілетін олимпиада болып табылады.

II. «Жарқын болашақ» олимпиадасының мақсаттары мен міндеттері:

3. «Жарқын болашақ» олимпиадасының мақсаты:

- мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту;
- қазақ халқының мәдени, әдеби және рухани қазыналарын кеңінен насиҳаттау;
- оқушылардың шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін, мәдени дүниетанымын дамыту.

4. «Жарқын болашақ» олимпиадасының негізгі міндеттері:

- оқушылардың қазақ халқының тіліне, әдебиетіне, салт-дәстүрлеріне, тарихына және мәдениетіне деген қызығушылығын арттыру, қазақ халқының тарихын үйреніп, білуге ынталандыру;
- тұлғаның өз-өзін дамытуына және өзіндік қабілеттерін жетілдіруіне жағдай жасау.

III. «Жарқын болашақ» олимпиадасын үйымдастыру және өткізу тәртібі

5. «Жарқын болашақ» олимпиадасына қазақ тілді және қазақ тілді емес 7-11-сынып оқушылары қатыса алады. (13-18 жас аралығы)

6. «Жарқын болашақ» олимпиадасы бес бағыт бойынша байқауды қамтиды:

1. «Бейнелеушілер» (қазақ әдебиетіндегі шығармаларды комикс жанрында салу);

2. «Білгірлер бәйгесі» (мақал-мәтел, жұмбак, ертегілер бойынша сайыс);
 3. «Жас қаламгер» (жазбаша шығармашылық жұмыс),
 4. «Сөз шеберлері» (мәнерлеп оку);
 5. «Әнші-бұлбұлдар» (ән айту).
7. «Жарқын болашақ» олимпиадасы үш кезеңнен тұрады:
- 1-кезең – аудандық кезең. Ол қараша – желтоқсан айларында өтеді;
- 2-кезең – облыстық кезең. Ол 10 қаңтар – 10 наурыз аралығында өтеді;
- 3-кезең – респубикалық кезең (финал). 2020 жылғы 15-17 сәуір күндері аралығында Нұр-Сұлтан қаласында өтеді. (уақыты ±5 күн өзгеруі мүмкін)

***Респубикалық білім-беру мекемелері орналасқан жеріндегі облыстық кезеңге қатысады.**

8. Бір окушы бес байқаудың біреуіне ғана қатыса алады.
9. Корытынды байқауға баратын окушыларды байқау өтетін қалаға жеткізу мен қатыстыру үшін әр өнірден бір жетекші тағайындалады (жетекші ретінде анасы немесе әкесі, сонымен қатар, жіберуші жақ тағайындаған өзге тұлға болуы мүмкін).
10. Респубикалық кезеңге облыстық кезенде 1-орын алған окушылар ғана қатысады. Эрбір облыстан респубикалық кезеңге ұсынылатын окушы саны төмендегідей:

Конкурс атауы	Тобы	Окушы саны	Барлығы
«Бейнелеушілер»	казақ және өзге ұлт	әр топтан 1 окушы	2 окушы
«Білгірлер бәйгесі»	казақ және өзге ұлт	әр топтан 1 окушы	2 окушы
«Жас қаламгер»	казақ және өзге ұлт	әр топтан 1 окушы	2 окушы
«Сөз шеберлері»	казақ және өзге ұлт	әр топтан 1 окушы	2 окушы
«Әнші-бұлбұлдар»	казақ және өзге ұлт	әр топтан 1 окушы	2 окушы

11. «Жарқын болашақ» олимпиадасының қапсырмаларын «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» ХҚҚ дайындауды.

«Жарқын болашақ» казақ тілі олимпиадасы» бойынша Ұйымдастыру комитетіне қатысуышылардың тізімін берудің соңғы күні – 2020 жылғы 3 сәуір, электрондық пошта: innovation.bilim@gmail.com, (қосымша ақпарат:).

12. Қатысуышылар респубикалық кезеңге өтепін қалаға келу мерзімін олимпиаданың ашылуынан алдын, ал қайту мерзімін (ақпарат қосымша беріледі) олимпиаданың жабылуынан кейінгі уақыттарға жоспарлауы қажет.

13. Қатысуышылар респубикалық кезең өтепін қаланың ауа райына сайдайындықпен (киім, қажетті заттары және т.б.) бағуы қажет.

14. Респубикалық кезеңге келген қатысуышылар өз жоспарларын жергілікті Ұйымдастыру комитетінің бағдарламалары мен жоспарларына сайдындықпен отырып құруы тиіс.

IV. Қаржыландыру

15. «Жарқын болашақ» олимпиадасының респубикалық кезеңінің іс-шараларын «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» ХҚҚ қаржыландырады.

16. «Жарқын болашақ» респубикалық қазақ тілі олимпиадасының қатысушыларының жол шығындары жіберу тараапынан немесе қатысушылар тараапынан төленеді.

17. «Жарқын болашақ» олимпиадасы бойынша Ұйымдастыру комитеті қатысушылардың мәдени демалысын ұйымдастыру, ынталандыру іш-шараларына қосымша қаражат қаастырады.

18. Республикалық кезеңге қатысушыларды жатын орынмен және тамақпен қамтамасыз ету шаралары «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» ХҚҚ тараапынан қаастырылады.

19. «Жарқын болашақ» олимпиадасының республикалық кезеңіне өткен қатысушылар облыстық команда құрамында келеді. Команданы бір жетекші бастап келеді (жетекші ретінде ата-ана да бола алғы), қатысушы және бір жетекшіден басқа адамдар жатын орынмен және тамақпен қамтамасыз етілмейді.

V. Ұйымдастыру комитеті және қазылар алқасы

8. «Жарқын болашақ» олимпиадасының республикалық Ұйымдастыру комитетінің құрамын «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» ХҚҚ, бекітеді.

9. Ұйымдастыру комитеті:

- «Жарқын болашақ» олимпиадасын ұйымдастырады және оны өткізуге тікелей басшылық жасайды;

- Қазылар алқасының Нұр-Сұлтан, Шымкент, Алматы қалаларындағы, облыстық және республикалық кезеңдегі құрамын бекітеді.

10. «Жарқын болашақ» олимпиадасының қазылар алқасы:

- Төраға;
- Мүшелер (2-3 адам)
- Хатшыдан тұрады.

11. Қазылар алқасының міндеттері:

- қатысушылардың жұмысын тексеру, қорытындысын шығару;

- қатысушылардың білімі мен өнерін бағалаулағы даулы мәселелерді талқылау және қажетті түзетулер енгізу;

- жеңімпаздарды анықтау және жүлделі орындарды бөлу.

- «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» ХҚҚ-ның Қашықтықтан жұмыс жасайтын президент кеңесшісіне «Жарқын болашақ» олимпиадасының республикалық кезеңі бойынша жеке есеп беру.

VI. «Жарқын болашақ» олимпиадасының жұмысын қорытындылау және қатысушыларды марапаттау

12. «Жарқын болашақ» олимпиадасының ашылуы және марапаттау рәсімі салтанатты түрде өткізіледі.

13. «Жарқын болашақ» олимпиадасының әрбір байқауы бойынша 6 жүлделі орын беріледі, олар төмендегіше:

- А) I орын – 1;
- Ә) II орын – 2;
- Б) III орын – 3.

Жұлделі орын саны олимпиадаға қатысушылардың санына қарай өзгеруі мүмкін. Қорытынды кезеңге қатысушылардың:

- А) 5%-ына – 1-орын,
- Ә) 10%-ына – 2-орын,
- Б) 15%-ына – 3-орын беріледі.

14. «Жарқын болашақ» олимпиадасының жеңімпаздары Ұйымдастыру комитетінің I, II, III дәрежелі Дипломдарымен марапатталады және оларға сәйкесінше бағалы сыйлық беріледі, жеңімпаз оқушылардың жетекшілерін марапаттау да (Диплом және Алғыс хаттармен) қарапастырылады.

15. «Жарқын болашақ» олимпиадасын өткізу ге белсенді атсалысқан қазылар алқасы мен Ұйымдастыру комитетінің мүшелері Алғыс хаттармен марапатталады.

«Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасының бағыттары бойынша байқау Ережесі

I. «Бейнелеушілер» байқауы

1. Қазақ тілін ана тілі және шет тілі ретінде менгерген оқушылардың шығармашылық және сурет салу жарысы.
2. Мақсаты – қазақ әдебиетіндегі шығармаларды (ертегі, батырлар жырын) жаңа форматта жаңдандыру.
3. Шартты: қатысушылар комикс жанрында сурет салу қабілеті және қазақ әдебиетіндегі шығармаларды жақсы білуі керек.
4. Қатысушыға 10 дана A4 форматтағы қағаз беріледі.
5. Қатысушы бүкіл қаламдарын өздері әкеледі. (түрлі түсті немесе тек түсті қаламдарды қолдана отырып салаңы. Акварель, сулы бояу, майлыш бояу рұқсат етілмейді.)
6. Суретті салуга берілетін уақыт мөлшері – 4 сағат.
7. Накты қай шығарманы комикске айналдыратыны туралы, жарыс алдында ұйымдастырушылар тараапынан беріледі.

II. «Жас қаламгер» байқауы

1. Қазақ тілін ана тілі және шет тілі ретінде менгерген оқушылардың шығармашылық қабілетін бағалау жарысы.
2. Мақсаты – жасөспірімдерді отансүйгіштік рухында тәрбиелеу, жазуға талапты балалардың қабілет-қарымын ұштау, қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру, шығармашылық ізденіске жұмылдыру.
3. Шарттары:
 - Оқушыга эссе алдында 5-10 тірек сөздер беріледі. Оқушы сол тірек сөздерді қолдана отырып эссе тақырыбын белгілеп, оз ойын ашып жеткізе алу керек;
 - Тақырыпқа сай болуы керек;
 - Оқушы өз ойын эссе форматында жазады. Эссенің құрылымдық жағы, тәрбиелік-тәнімдық, өзектілік мазмұннұт бағаланады;
 - Эссе көлемі 3 беттен кем болмау керек;

- Жазбаша жұмысқа берілетін уақыт – 120 минут.
- **Эссе тақырыптары:** қазақ тілі (әдебиеті, тарихы, мәдениеті), тәуелсіз Қазақстанның жерестіктері, Қазақстандагы және басқа елдердегі ұлтаралық, дінаралық, этносаралық көлісімнің маңыздылығы, бірлік пен татулық, ерлік пен батырлық, руханият, әдептілік қагидалары, зиянды әдемтер және т.б.

III. «Білгірлер бәйгесі» байқауы

1. Қазақ тілін ана тілі және шет тілі ретінде менгерген оқушылардың қазақ әдебиетіне мақал-мәтелдерді, жұмбак, жаңылтпаштарды, ертегілерді қаншалықты білеңдігін бағалау сайысы.
2. Мақсаты – оқушылар арасында қазақ тілі мен әдебиетіндегі мақал-мәтелдерді, жұмбак, жаңылтпаш, ертегі жанрларын жандандыра отырып насиҳаттау.
3. Шарттары:
 - Жасырылған жұмбақтың жауабын таба алуы;
 - Берілген жаңылтпашты заңдылыққа сәйкес тез айта алуы;
 - Берілген тақырыпқа қатысты мақал-мәтел айттып, магынасын талдап беруі.
 - «Білгірлер бәйгесі» байқауы бойынша бағалау үпайлары:

Жұмбак жауабын таба алуы	Жаңылтпашты айта алуы	Берілген тақырыпқа қатысты мақал-мәтел айта алуы	Ертегі бойынша сұрапқа жауап бере алуы
5	5	5	5

IV. «Сөз шеберлері» байқауы

1. Қазақ тілін – ана тілі және шет тілі ретінде менгерген оқушылардың қазақ тілінде мәнерлеп оқып, өзіндік қабілетін көрсететін сайысы.
2. Мақсаты – қазақ тілінде мәнерлеп сөйлеуге машықтану, сөздің мәнін жете түсіну, оның табиғатын тану және көркем шығармаларды мәнерлеп, нақышына келтіре оку арқылы оқушыны ауызекі сөйлеуге төсөлдіру.
3. Шарттары:
 - Қатысушы I шығарманы немесе шығармадан үзіндіні (прозалық немесе поэзиялық) жатқа мәнерлеп оқиды.
 - Шығарманың тақырыбы ұлттық құндылықтарды (тарих, тіл, Отан, ұлттық тәрбие т.б.) насиҳаттау керек;
 - Қатысушылар қазақ ұлттық киімімен шығу керек.
 - Мәнерлеп окуға берілетін ең көп уақыт мөлшері – 5 минут (5 минуттан асқан жағдайда үпай шегеріледі).
 - «Сөз шеберлері» байқауы бойынша бағалау үпайлары:

1) Шығарманың сөздерін анық және тіл табиғатын сақтап жеткізу	1) Дауысы мен дене с- қимылдарының үйлесімділігі 2) Сахнада өзін ұстау мәнері	1) киімі; 2) жатқа окуы; 3) әуені (фон)
---	--	---

V. «Әнші-бұлбұлдар» байқауы

1. Қазақ тілін ана тілі және шет тілі ретінде мемгерген окушылардың қазақ тілінде ән айтып, өзіндік қабілетін көрсету сайысы.

2. Мақсаты – қазақ халық әндері мен қазақ сазгерлерінің шығармаларын насихаттау және дарынды қазан тілі жана шырларын, жас буын өкілдерінің арасынан тілді терең мемгерлендігін анықтау, оларды таныту.

3. Шарттары:

- *Катысушылар қазақ әндерінің қалпын бұзбай, нақышына келтіріп орындаи алуы керек.*
- *Ән мен саздың, қимылдың үйлесімділігіне, әнді көрерменге жеткізе білуіне және сахнадағы өзін-өзі ұстау мәнеріне назар аударылады.*
- *Әнді орындаушы қазақ ұлттық киімімен шығу керек.*
- «Әнші-бұлбұлдар» байқауы бойынша бағалау ұпайлары:

Әннің сөзін анық және тіл табиғатын сақтап жеткізу.	1) Ән мен саздың және қимылдың үйлесімділігі; 2) Сахнада өзін ұстау мәнері.	1) вокал; 2) әуені; 3) киімі.
---	--	-------------------------------------

Қосымша: «Жарқын болашак» олимпиадасының республикалық кезеңінде барлық бағыт бойынша қатысушылардан үйымдастырушылар тарапынан алдын-ала белгіленген 4 көркем-әдеби шығарма бойынша емтихан алынады. Емтихан нәтижелерінің ұпайы қатысушының финалдық кезеңдегі нәтижесіне қосылып, жалпы нәтижеге әсер етеді.

Үйымдастыру комитеті:
Ерлан Абдраслов, тел: +7 701 207 3080
Дастан Ілияс, тел: +7 775 764 7732